

- Ғұндар айналысқан шаруашылық түрлері
- көшпелі малшаруашылығы: жылқы мен қой өсірген;
- егіншаруашылығы дамыған;
- аң аулау;
- сауда;
- қолөнер: зергерлік бұйымдар жасаған.

ЗАТТАЙ ДЕРЕКТЕР

1. жылкы, кой, ірі кара сүйектері
2. тары дәндері, темір орақ, тас дәнүккіштер, астық сақтайтын ұралар
3. киік, қабан, құлан, елік, қоян, түлкі сүйектері
4. құмыралар, көзелер, саптаяктар
5. Аңдар бейнеленген кілемдер, қыш, ағаш ыдыстар, ат әбзелдері, әшекей бұйымдар
6. жібек маталар, айналар, нефриттен жасалған бұйымдар



Ғұндар туралы мәлімет

Ғұндар – көшпелі халық. Ғұндар тәңіршілдік дінді ұстанып, түркі жазуын пайдаланған. Сөйлеу тілі де түркі тілі болған. Шығыста Мөде «шығыс ху» тайпаларын бағындырды, ал оның құрамына, шамамен алғанда, Керулен және Онон алқаптарында мекендеген сяньби және ухуань тайпалары кіретін еді.



2. Мөде шаньюй – Ғұн мемлекетінің негізін салушы



- ▶ Б.з.б. 203 – 202 жылдары Мөде Саян, Алтай және Жоғарғы Енисей тайпаларын бағындырып, өз мемлекетінің солтүстік шекарасын түбегейлі орнықтырды. Ғұндар б.з.б. III ғасырдың соңы мен б.з.б. II ғасырдың басында Еуразия құрлығындағы бірден-бір ірі мемлекетке айналды.
- ▶ Ғұн тайпалары күдіретті Мөденің кезінде бір мемлекетке біріккен, гүлденген. Халық саны 300 мыңнан асқан. Оның жасаған әскери реформалары ғұндарды қуатты мемлекетке айналдырды.

† итты әскерлері жақсы ұйымдасқан,
қуатты болды;

† жауынгерлері қару-жаракты шебер
менгерген. Қарулары:

- жебелі садақ;
- семсер;
- қанжар;
- пайза;
- бұғалық;
- қалқан.



1. Ежелгі ғұндар қытай деректерінде



Б.з.б. I мыңжылдықта қазіргі Моңғолияның оңтүстігінен Каспий өңіріне дейінгі Орталық Азияның кең-байтақ кеңістігін әртүрлі тайпалар мекендеген. Қытай деректерінде «ғұн» (сюнну) атауы б.з.б. III ғасырдың аяғында пайда болған. Бастапқы кезде Солтүстік Қытайда, Моңғолияда, Байкал өңірінде қоныстанған. Қытай жылнамаларында айтылғандай, б.з.б. III ғасырда Қытайдың солтүстігінде Байкалдан Ордосқа дейінгі аралықты мекендеген ғұн тайпаларының бірлестігі құрылған.

ҒҰНДАР



ШАРУАШЫЛЫҒЫ

- Ғұндарда мал шаруашылығы жақсы дамыды. Әсіресе жылқы өсіру басты роль атқарды. Сондай-ақ қой өсіру, аң аулау, егіншілік дамыды.
- ◎ Ғұндардың қол өнер кәсібі күшті дамыған (металдан, сүйек пен мүйізден, тас пен саздан, ағаштан, керамикадан жасалды). Сауда дамығандығын жібек маталар, айналар, нефриттен істелген бұйымдар көрсетеді.

Дунхулармен күресі

